

Оқу құралы
2025 жылғы «8» желтоқсандағы №596
ғылыми-медициналық сараптаманың қорытындысы

Қажетті параметр (бағалау критерийі)	Ақпараттың болуы (өлшемшартқа және белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы ақпарат)
Қолжазбаның атауы	«Сүт безі қатерлі ісігі: теориялық негіздері мен тәжірибелік шешімдері»
Болжамды таралым	100
Шығарылған жылы	2025
Автордың (авторлардың) тегі, аты, әкесінің аты, ғылыми дәрежесі мен атағы, жұмыс орны, лауазымы	1. Бүркітбаев Жандос Қонысұлы – медицина ғылымдарының докторы, «Ұлттық ғылыми онкология орталығы» ЖШС Басқарма төрағасы. 2. Пак Лаура Алексеевна - PhD доктор, қауымдастырылған профессор, «Ұлттық ғылыми онкология орталығы» ЖШС тераностика бөлімінің аға ординаторы
Рецензенттер	1. Т.А. Адылханов - Медицина ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылыми онкология орталығының Онкология бойынша бас кеңесшісі 2. Н.А. Кабилдина - Медицина ғылымдарының кандидаты, профессор, Қарағанды медициналық университетінің Онкология және сәулелік диагностика кафедрасының меңгерушісі
Пәннің атауы (осы пәнге жататын циклды, оқу басылымы дайындалған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тиісті жіктеуіші бойынша кодты көрсету)	0912 - «Медицина», «Онкология» пәні
Құрылымы мен дизайнына қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау (Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің грифін беру тәртібі туралы Ережеге сәйкес)	
Титул парағы және артқы жағы	Алдыңғы және артқы жағын ғылыми-медициналық әзірлемелерді әзірлеу, ресімдеу және бекіту бойынша әдістемелік ұсынымдар талаптарына сәйкес. <u>ББК, ISBN және авторлық таңбаны көрсету қажет;</u> <u>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы» ШЖҚ РМК бекітілген және баспаханалық жолмен жариялауға рұқсат етілген (_____ жылғы № ____).</u> <u>РОӘК ОӘБ «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша білім алушыларға арналған оқулық ретінде ұсынылады « _____ 2025 жылғы № ____ хаттама.</u>
Қысқартулар тізімі	Қысқартулар тізімі толық және кәсіби түрде жасалған. Әр қысқартудың толық атауы көрсетілген, көбіне түсініктемесі де берілген (мысалы: BRCA1 – Сүт безі обыры 1 гені). Мәтіннің клиникалық және ғылыми мағынасын түсінуге ыңғайлы.

Мазмұны	Жұмыстың құрылымы ғылыми стандарттарға сай. Мәтін сүт безінің қатерлі ісігі туралы кешенді көзқарасты қамтиды. Материал заманауи клиникалық хаттамаларға (ҚР ДСМ, WHO, NCCN) сәйкес келеді. Әр бөлім логикалық тұрғыда байланысып, себеп-салдар қатынасы айқын көрсетілген.
Кіріспе	Сүт безінің қатерлі ісігі — әйелдер арасында ең жиі кездесетін онкологиялық аурулардың бірі және жаһандық денсаулық сақтау жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл патологияның көпфакторлы табиғаты, генетикалық және гормондық тәуелділігі, сондай-ақ өмір салты мен қоршаған орта әсерінің маңыздылығы аурудың алдын алу мен ерте диагностикасының маңызын арттырады. Қазіргі таңда сүт безі обырын емдеу дәлелді медицина қағидаттарына негізделіп, көпсалалы тәсілді қажет етеді. Бұл жұмыс сүт безінің құрылымы, аурудың даму себептері, қауіп факторлары мен патогенезін, сондай-ақ емдеу мен оңалту шараларын кешенді түрде қарастырады. Кіріспеде мәселенің өзектілігі, аурудың әлеуметтік және медициналық маңызы нақты ашылған. Сүт безі обырының жаһандық таралуы мен алдын алудың маңыздылығы айқын сипатталған.
Басылымның негізгі мәтіні	Негізгі мәтін құрылымдық тұрғыдан жақсы ұйымдастырылған. Анатомия және физиология бөлімі — клиникалық бағыттағы мамандар үшін нақты әрі анатомиялық тұрғыдан толық сипатталған. Этиология мен қауіп факторлары бөлімдері заманауи молекулалық онкологиямен үндеседі (BRCA, HER2, эстрогендік тәуелділік). Фондық аурулар бөлімі клиникалық тәжірибе үшін ерекше құнды — әр патологияның қатерлі трансформация қаупі пайыздық қатынаста берілген. Емдік тұжырымдама дәлелді медицинаға негізделген, қазіргі онкологиядағы кешенді тәсіл толық қамтылған (хирургиялық, сәулелік, жүйелік, реабилитациялық). Мәтінде ғылыми терминология орынды, логикасы жүйелі, дәлелді база бар.
Қорытынды	Қорытынды бөлім логикалық тұрғыдан барлық бөлімдерді жинақтайды, басты ой — ерте диагностика, кешенді ем және алдын алу шараларының маңызы дұрыс көрсетілген. Мәтін ғылыми және практикалық тұрғыдан үйлесімді. Қосымша ретінде ұсыныс ретінде: скринингтік бағдарламалардың тиімділігі немесе статистикалық деректер енгізілсе, жұмыстың аналитикалық әсері артар еді.
Әдебиеттер тізімі	«Әдебиеттер тізімі» (40 дереккөз) ғылыми-медициналық әзірлемелерді әзірлеу, ресімдеу және бекіту жөніндегі әдістемелік ұсыныстардың талаптарына сәйкестеу.
Басылымды ресімдеу сапасы (қазақ, ағылшын, орыс тілдерінің нормаларын сақтау, дизайн)	<i>Тілдік норма:</i> Қазақ тілінің ғылыми және медициналық стиль талаптары толық сақталған. <i>Үштілді терминдер:</i> Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі терминдердің берілуі бірізді (мысалы: HER2/neu, BRCA1 мутациясы). <i>Құрылым:</i> Нөмірлеу мен тақырыптық бөлініс айқын, оқу мен навигация жеңіл. <i>Дизайн:</i> Мәтін академиялық форматқа сай, шрифт пен интервал үйлесімді қолданылған.

Оқулықтың көлеміне қойылатын талап-кемінде 9 баспа парағы	Жұмыс А4 форматындағы 96 парақта ұсынылған, бұл 6 б. п. сәйкес келеді.
Мазмұнға қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау <i>(Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің грифін беру тәртібі туралы Ережеге сәйкес)</i>	
ҚР БҒМ МЖМБС, ҚР жоғары білім беру біліктілігінің ұлттық шеңберіне, ҚР салалық біліктілік шеңберіне, Кәсіби стандартқа сәйкестігі тұрғысынан оқу басылымының жұмыс тұжырымдамасын бағалау;	Оқу басылымының жұмыс тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына; Қазақстан Республикасындағы Ұлттық біліктілік шеңберіне; Қазақстан Республикасының салалық біліктілік шеңберіне, Кәсіби стандартқа толық сәйкес келеді.
Оқу басылымының мазмұнын қазіргі ғылыми деңгейге (нақты бағыт бойынша), оқытудың күтілетін нәтижелеріне; олардың қол жетімділігін бағалаудың объективті критерийлеріне сәйкестігін бағалау;	Білім компоненттері: Студенттерге теориялық білім (сүт безі қатерлі ісігінің этиологиясы, патогенезі, молекулалық ерекшеліктері) мен практикалық дағдылар (диагностика, емдеу тактикасы, оңалту) беріледі. Бұл жоғары білімнің 7-8-деңгейлі (бакалавриат /магистратура) нәтижелеріне сәйкес келеді. Дағдылар мен құзыреттер: Науқасты емдеуде клиникалық шешім қабылдау, мультидисциплинарлық командалық жұмыс, ғылыми ақпаратты талдау секілді құзыреттер қалыптасады. Бағалау критерийлері: Бағалау оқу процесінде практикалық тапсырмалар, кейс-стади, емдік алгоритмдерді меңгеру арқылы жүзеге аса алады.
Теориялық білім, оны талдау және түрлендіру әдістемесі, оны қолданудың практикалық дағдылары негізінде кәсіби салаға қатысты нақты өнімді құру қабілетін қалыптастыруға бағытталуы.	1. Теориялық білімді меңгеру: Оқу-әдістемелік құралда сүт безі қатерлі ісігінің эпидемиологиясы, патогенезі, молекулалық және генетикалық ерекшеліктері толық сипатталған. Теориялық білім емдеу стратегияларын (хирургиялық, химио-, гормоналды, сәулелік терапия) түсінуге және клиникалық шешімдер қабылдауға негіз береді. Бұл студенттер мен мамандар үшін теориялық базаны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Теориялық білім мазмұны кәсіби саладағы қажетті білімдерге толық сәйкес. 2. Білімді талдау және түрлендіру әдістемесі: Клиникалық жағдайларды, емдеу сызбаларын және адьювантты емнің әсерін талдауға арналған материалдар бар. Науқастың жағдайына қарай емдеу тактикасын таңдау, қауіп факторларын бағалау, емдік алгоритмдерді өзгерту – білімді түрлендіру қабілетінің мысалы. Студенттерге және резиденттерге критикалық ойлау және шешім қабылдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. 3. Практикалық дағдылар және нақты өнімді құру қабілеті: Құралда нақты практикалық дағдылар сипатталған: Науқасты диагностикалау (УДЗ, NGS, биомаркерлерді талдау). Емдеу жоспарларын жасау (химиотерапия, гормоналды терапия, хирургиялық араласу).

	Оңалту шараларын ұйымдастыру және пациенттің өмір сапасын бақылау. Бұл дағдылар кәсіби өнімді – мысалы, емдік жоспар немесе реабилитациялық бағдарлама құруға бағытталған. Студент немесе маман теориялық білімді практикалық шешімге айналдыра алады, бұл кәсіби құзыреттілікті қалыптастырады.
Оқу басылымындағы оқу материалын ұсынудың және өзектендірудің әдістемелік жүйесін, оның құзыреттілікке бағытталған білім беру технологияларына бейімделуін бағалау.	<i>1. Оқу материалын ұсыну әдістемесі:</i> Мазмұндық құрылым: Оқу-әдістемелік құрал кіріспеден басталып, теориялық бөлімдер, клиникалық ұсыныстар, емдеу схемалары және оңалту шараларына арналған практикалық бөлімдерге ауысады. Бұл құрылымдық логика студенттің оқу үдерісін жүйелі түрде меңгеруіне мүмкіндік береді. Қосымша құралдар: Қысқартулар тізімі, кестелер, сызбалар және нақты клиникалық жағдайлар арқылы материал ұсынылған. Бұл оқушыға теорияны практикалық тұрғыда қолдануға мүмкіндік береді. Білімнің деңгейлі ұсынылуы: оқу-әдістемелік құралда базалық теориядан бастап күрделі клиникалық шешімдерге дейінгі материалдар ұсынылған, бұл дифференциалды оқытудың әдістемелік принципіне сәйкес келеді. Бағалау: Материал ұсыну әдістемесі логикалық, жүйелі және практикалық қолдануға бағытталған, студенттің пәнді меңгеруін жеңілдетеді. <i>2. Оқу материалын өзектендіру:</i> Қазіргі клиникалық тәжірибе: оқу-әдістемелік құралда соңғы халықаралық стандарттар, BRCA, HER2, NGS және гормоналды терапия сияқты заманауи ғылыми жетістіктерге сүйенген мәліметтер берілген. Емдеу тактикасының бейімделуі: Науқастың жасына, гормондық мәртебесіне және ісік сатысына байланысты емдеу әдістерін таңдау қарастырылған. Бұл оқу материалын нақты клиникалық жағдайларға байланысты өзектендіреді. Интерактивтілік элементтері: Практикалық сценарийлер мен клиникалық мысалдар оқушыны теория мен тәжірибені байланыстыруға ынталандырады. Бағалау: Оқу материалы ғылыми және практикалық тұрғыда өзекті, заманауи білімдерге сүйенеді, құзыреттілікке бағытталған. <i>3. Құзыреттілікке бағытталған білім беру технологияларына бейімделуі:</i> Кәсіби құзыреттер: Студенттер мен резиденттер сүт безі қатерлі ісігін диагностикалау, емдеу жоспарын жасау және оңалту шараларын ұйымдастыру сияқты нақты кәсіби дағдыларға үйренеді. Практикалық бейімделу: Материал клиникалық шешім қабылдауға, емдеу алгоритмін құруға және пациентпен жұмыс жасауға тікелей байланысты. Құзыреттілікке бағытталған әдістер: Талдау және бағалау: Науқастың жағдайын диагностикалау және емдеу сызбасын таңдау. Шешім қабылдау: Әртүрлі емдеу сценарийлерін салыстыру және таңдау.


	Практикалық әрекет: Емдеу жоспарын құру, оңалту және профилактикалық шараларды жоспарлау.
Оқу басылымының мазмұны мен ресімделуіне қойылатын психологиялық-педагогикалық талаптардың сақталу дәрежесі.	<i>1. Мазмұнның психологиялық-педагогикалық сәйкестігі:</i> Құрылымдық айқындық: Оқу-әдістемелік құрал - кіріспеден бастап теориялық және практикалық бөлімдерге өтіп, әр тарау логикалық түрде байланысқан. Бұл оқушыға ақпаратты жүйелі меңгеруге көмектеседі. Ақпарат көлемінің оптималдығы: Күрделі онкологиялық тақырыптарға қарамастан, материалдар көлемі мен тереңдігі оқу деңгейіне сәйкес келтірілген. Бұл психологиялық жүктемені азайтып, оқу процесін тиімді етеді. Теория мен практика үйлесімі: Клиникалық сценарийлер, емдеу схемалары, кестелер мен сызбалар арқылы материал практикаға байланысты ұсынылған, бұл оқушылардың кәсіби ойлау қабілетін дамытады. Қосымша құралдар: Қысқартулар тізімі, кестелер, аббревиатуралар психологиялық-педагогикалық тұрғыдан оқуды жеңілдетеді және ақпаратты тез меңгеруге мүмкіндік береді. <i>2. Ресімделудің психологиялық-педагогикалық сәйкестігі:</i> Тілдік нормалар: Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің терминологиясы дұрыс қолданылған. Бұл студенттердің ақпаратты қабылдауына кедергі келтірмейді. Дизайн және визуалды құрылым: Тараулар, тақырыптар, кестелер мен сызбалар айқын бөлінген, шрифт өлшемі оқу үшін қолайлы. Бұл көзге жағымды және оқу мотивациясын арттыратын фактор. Қысқартулар мен терминологияның үйлесімділігі: Қысқартулар тізімі бар, бұл материалды оқу кезінде қайта-қайта іздеуді азайтады, когнитивтік жүктемені төмендетеді. <i>3. Педагогикалық тиімділік:</i> Оқу мотивациясын арттыру: Клиникалық мысалдар мен практикалық тапсырмалар студенттерді белсенді оқу процесіне тартуға мүмкіндік береді. Қабылдауды жеңілдету: Ақпаратты логикалық және жүйелі түрде беру когнитивтік психология принциптеріне сәйкес келеді. Қайта қолдануға ыңғайлылық: Оқу әдістемелік құралын студенттер, резиденттер және тәжірибелі дәрігерлер әртүрлі деңгейде қолдана алады.

Сараптамалық қорытынды: «Сүт безі қатерлі ісігі: теориялық негіздері мен тәжірибелік шешімдері» атты оқу құралы жоғарыда келтірілген ұсыныстар мен ескертулерді ескере отырып, оқу материалы ретінде ұсынылуы мүмкін.

Шешім: «Сүт безі қатерлі ісігі: теориялық негіздері мен тәжірибелік шешімдері» атты оқу құралы бекітілсін, берілген ескертулер мен ұсыныстар ескеріле отырып, баспаханалық әдіспен басып шығаруға рұқсат етілсін және мамандық бағытында Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің Оқу-әдістемелік бірлестігінің белгісін беру үшін ұсынылсын.

Сарапшылар тобы:

Сараптама тобының төрағасы,
Медициналық білім және ғылым
департаментінің директоры,
х.ғ.к. қауымдастырылған профессор, МБА



А. Мурат

Сарапшылар тобының мүшелері:

1. «Онкология» бағыты бойынша тәуелсіз сарапшы (ғылыми-медициналық сараптама жүргізу жөніндегі тәуелсіз сарапшылар базасынан)
2. Әдістемелік және техникалық қолдау тобы:

Медицина ғылымын дамыту
орталығының меңгерушісі, магистр

G.T.

Г.Т. Калымжан

ҚР ДСМ «Салидат Қайырбекова
атындағы ҰҒДСДО» ШЖҚ РМК
Басқарма Төрағасының орынбасары



А.Б. Табаров